

## 2015 - 2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 337-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 қаңтарда № 3075 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 443-V шешімімен

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 18.01.2016 № 443 -V шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 1) тармақшасына сәйкес және облыс әкімдігі ұсынған 2015–2017 жылдарға арналған облыстық бюджет жобасын қарап, облыстық мәслихат XXIX сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015–2017 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 140 209 726 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 59 112 695 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 1 944 570 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 741 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері – 79 148 720 мың теңге;
- 2) шығындар – 143 794 332 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелендіру – 3 488 361 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік несиелер – 4 477 980 мың теңге;
  - бюджеттік несиелерді өтеу – 989 619 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 4 173 701 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 4 191 701 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 18 000 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -11 246 668 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 11 246 668 мың теңге;

қарыздар түсімі – 4 277 980 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 954 796 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 7 923 484 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V ; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Атырау қаласы мен аудандар бюджетіне жалпы мемлекеттік салықтар түсімінің жалпы сома нормативі 2015 жылға келесідей көлемде бекітілсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Жылыой аудандарына және меншікті облыстық бюджетке – 100%;

Атырау қаласына – 55%;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы

:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Жылыой аудандарына және меншікті облыстық бюджетке – 100%;

Атырау қаласына – 50%;

шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша төлем көзінен ұсталатын: меншікті облыстық бюджетке – 100% 2015 жылдың 1 шілдесі мерзіміне дейін қолданумен;

әлеуметтік салық бойынша:

Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет, Жылыой аудандарына – 50%;

Атырау қаласына – 57%;

шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша төлем көзінен ұсталмайтыннан:

әлеуметтік салық бойынша:

Құрманғазы, Мақат, Жылыой аудандарына – 50%, Индер ауданына - 68%, Исатай ауданына - 60%, Махамбет ауданына - 72% және Қызылқоға ауданына - 100%;

Атырау қаласына – 60%;

меншікті облыстық бюджетке - 100%.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Тиісті бюджеттің кірісіне:

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар жөніндегі берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың Жол қорына түсіп келген аударымдары;

"Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым бойынша берешек;

"Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек есептелетін болып белгіленсін.

4. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының көрсетілген қорға аударымдардың есептелген сомасынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

5. Аудан және қала бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алымдардың 2015 жылға арналған көлемдері 55 789 926 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Жылыой ауданынан – 8 813 760 мың теңге;

Атырау қаласынан - 46 976 166 мың теңге болып көзделсін.

6. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерлері 2015 жылға 7 808 463 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Құрманғазы ауданы – 2 767 726 мың теңге;

Индер ауданы – 1 785 266 мың теңге;

Исатай ауданы – 716 013 мың теңге;

Қызылқоға ауданы – 1 721 096 мың теңге;

Мақат ауданы – 134 256 мың теңге;

Махамбет ауданы – 684 106 мың теңге болып көзделсін.

7. Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеу белгіленсін.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге

ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

9. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен төмендегідей көлемдерде:

дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізуге - 14 305 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігін өтеуге - 133 163 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға - 11 836 мың теңге;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 2 141 485 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 2 588 126 мың теңге (оның ішінде еңбекақы жүйесінің жаңа моделінің деңгейіне сәйкес еңбекақы мөлшерін жеткізуге - 172 691 мың теңге);

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға – 573 589 мың теңге (оның ішінде еңбекақы жүйесінің жаңа моделінің деңгейіне сәйкес еңбекақы мөлшерін жеткізуге -62 041 мың теңге);

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға – 68 626 мың теңге;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 91 091 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 7 836 мың теңге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге – 8 391 017 мың теңге (оның ішінде еңбекақы жүйесінің жаңа моделінің деңгейіне сәйкес еңбекақы мөлшерін жеткізуге - 425 158 мың теңге);

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға – 1 674 344 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 8 718 мың теңге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 15 777 мың теңге;

халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге – 109 141 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге – 107 987 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферті есебінен мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға – 13 800 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға – 53 401 мың теңге;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға – 10 740 мың теңге;

тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға – 1 001 мың теңге;

елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге – 85 169 мың теңге ;

жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға – 22 695 мың теңге;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға – 28 970 мың теңге;

халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге – 694 115 мың теңге;

ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға – 162 512 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға – 1 054 972 мың теңге;

Осы тармақтағы бірінші мен төртіншіні қоса алғандағы абзацтардағы ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде моноқалалардағы ағымдағы іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен кредиттер келесідей көлемде:

бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері – 250 702 мың теңге;

бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері - 50 000 мың теңге;

кәсіпкерлікке микрокредит беруге республикалық бюджеттен - 147 000 мың теңге кредиттер көзделгені ескерілсін.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

11. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен келесідей көлемде:

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға - 100 017 мың теңге;

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 750 000 мың теңге;  
ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 462 507 мың теңге;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға – 200 000 мың теңге;

жерүсті су ресурстарын ұлғайтуға – 447 300 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға – 1 500 000 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға – 727 996 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға – 400 000 мың теңге;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 24 369 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде моноқалалардағы ағымдағы іс-шараларды іске асыруға – 191 497 мың теңге;

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне бөлу жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

12. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде 1 347 561 мың теңге сомасында, оның ішінде:

республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері:

кезекте тұрғандарға тұрғын үй салуға – 35 500 мың теңге;

жас отбасылар үшін тұрғын үй салуға – 169 938 мың теңге;

кредиттер:

тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға – 1 142 123 мың теңге;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті

есебінен жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беруге – 2 340 995 мың теңге көзделгені ескерілсін.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

13. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" шеңберінде:

ауылда кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесуге кредит беруге – 487 656 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға – 32 502 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

14. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға - 160 206 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер беру көзделгені ескерілсін.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

15. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне:

білім беру мекемелерінің ағымдағы шығындарына – 48 064 мың теңге;

балаларды тасымалдау үшін автокөлік сатып алу үшін - 5 662 мың теңге;

аз қамтылған отбасылардың оқушы балаларын және 1 мен 4 сыныптардағы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге – 314 234 мың теңге;

білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауға - 23 289 мың теңге;

балалар-жасөсірімдер дене шынықтыру даярлық клубы мемлекеттік мекемесін ұстауға - 11 784 мың теңге;

патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағуға - 12 170 мың теңге;

жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге – 595 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне және Ауғаныстандағы ұрыс қимылдарға қатысушыларға, қаза тапқандардың отбасыларына коммуналдық шығындарын өтеуге - 13 140 мың теңге;

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығын тойлауға байланысты Ұлы Отан соғысына қатысушыларға материалдық көмекке – 2 600 мың теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға материалдық көмекке – 1 800 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге – 18 000 мың теңге;

жазғы демалыс саябағына стела орнатуға – 10 000 мың теңге;

ауылдық елді мекендердегі қатты тұрмыстық қалдықтарды төгетін орындарды қоршауға – 23 223 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа арнаулы техникалар және жабдықтар сатып алуға – 298 468 мың теңге;

Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округіне көпфункционалды автокөлік сатып алуға - 10 000 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын ағымдағы ұстауға – 44 782 мың теңге;

мәдениет нысандарын күрделі жөндеуге – 122 738 мың теңге;

әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеуге – 65 074 мың теңге;

автокөлік жолдарын күрделі жөндеуге – 6 280 948 мың теңге;

бруцелезбен ауыратын санитариялық союға бағытталған ауыл шаруашылығы малдардың (ірі қара және ұсақ малдың) құнын (50%-ға дейін) өтеуге – 31 304 мың теңге көзделсін;

білім беру нысандарын күрделі жөндеуге – 133 537 мың теңге;

мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге – 151 423 мың теңге;

"e-learning" электрондық оқыту жүйесіне – 94 115 мың теңге;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге – 57 144 мың теңге;

Исатай ауданы Аққыстау ауылындағы Абай атындағы орта мектеп негізінде ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пунктін ұстауға - 8 016 мың теңге;

Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге - 6 000 мың теңге;

Мақат ауданы Доссор поселкесіне ойын алаңын сатып алуға – 16 000 мың теңге;

Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған ескерткіштерді ағымдағы және күрделі жөндеуге – 11 367 мың теңге;

Исатай ауданы Тұщықұдық ауылындағы "Жалпы білім беретін Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесін



материалдық-техникалық жарақтандыруға – 20 000 мың теңге;

жастар тәжірибесін, әлеуметтік жұмыс орнын және кадрларды қайта даярлауды ұйымдастыруға – 26 478 мың теңге;

қысқы мерзімге дайындық бойынша жұмыстар жүргізуге – 126 954 мың теңге ;

сумен қамту және су бұру жүйелерін күрделі жөндеуге – 8 614 мың теңге;

мәдениет нысандарын жабдықтауға – 30 000 мың теңге;

қала және аудандардың білім беру бөлімдерінің оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыруға – 27 960 мың теңге;

Құрманғазы аудандық ауылдық округ аппараттары мен мектептеріне интернет желісін қондыруға және ұстауға – 17 016 мың теңге;

әскерге шақыру комиссиясынан өту кезеңінде азаматтарға консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетуге арналған шығындар мен медициналық қызметкерлердің еңбек ақы қорына – 23 165 мың теңге

елді мекендердегі су тазарту ғимараттарына және су желілеріне техникалық құжаттама дайындауға - 58 447 мың теңге;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер үшін – 39 686 мың теңге.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

16. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте:

елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 1 053 143 мың теңге;

жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға – 73 867 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға – 916 969 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 238 896 мың теңге;

елді мекендердің кірме және ішкі жолдарын қайта жаңғыртуға – 412 742 мың теңге;

жазғы саябақты қайта жаңартуға – 32 345 мың теңге;

Құрманғазы ауданы Еңбекші ауылдық округіндегі ауылдық клубты қайта жаңғыртуға – 55 977 мың теңге;

Исатай ауданындағы Манаш котлованын тереңдете отырып Ақай каналы дамбысының жанын күшейтуді қайта жаңғыртуға – 48 636 мың теңге;

Индер ауданы Индер поселкесіндегі мәдени-көпшілік орталығы құрылысын салуға – 40 260 мың теңге;

Индер ауданы Елтай ауылындағы "Жас-Өркен" балалар лагерінің кіріс газ

желісі мен жылу қазандығының қондырғысының құрылысы мен жылу жүйесін қондыруға – 6 341 мың теңге;

Құрманғазы ауданындағы 3 (үш) және Исатай ауданындағы 1 (бір) жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысына жобалық–сметалық құжаттамасын жалғастыруға – 3 300 мың теңге;

абаттандыру нысандарын дамытуға – 30 326 мың теңге;

Махамбет ауданы Алмалы ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылысын аяқтауға – 2 928 мың теңге;

Махамбет ауданының су бұрғыш каналы үшін 2 шлюз құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын жасақтауға – 400 мың теңге;

Атырау қаласы және аудандар бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері көзделсін.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V; 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

17. 2015 жылға жергілікті атқарушы органдарының резерві 314 286 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V; 16.11.2015 № 404-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

18. Облыстық бюджетте 2015 жылға жергілікті атқарушы органдар қарызын өтеу үшін 995 550 мың теңге қаралсын.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 10.06.2015 № 374-V; 04.09.2015 № 386-V шешімдерімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

19. 2015 жылдың 31 желтоқсанға жергілікті атқарушы органдар лимитіндегі борышы 16 650 073 мың теңге сомасында белгіленсін.

20. 2015 жылға арналған жергілікті бюджеттің орындалу процесінде қысқартуға жатпайтын жергілікті бюджеттің бағдарлама тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

21. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ә. Жұбанов) жүктелсін.

22. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

23. 10 1 255 013 "Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" бағдарламасының 311 "Жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтарына берілетін субсидиялар" ерекшелігі бойынша жұмсалған 8 000 000 теңге қассалық шығындары 10 1 255 053 "Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл

тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау" бағдарламасының 311 " Жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтарына берілетін субсидиялар" ерекшелігіне жылжытылсын.

**Ескерту. Шешім 23-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

24. 13 9 255 065 "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту" бағдарламасының 612 "Квазимемлекеттік сектордың жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту" ерекшелігі бойынша жұмсалған 1 000 000 000 теңге кассалық шығындары 13 9 255 065 "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту" бағдарламасының 611 "Заңды тұлғалардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын сатып алу" ерекшелігіне жылжытылсын.

**Ескерту. Шешім 24-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

25. 01 1 120 001 011 "Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы бойынша жұмсалған 781 750 теңге кассалық шығындары 01 1 120 013 011 "Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына жылжытылсын.

**Ескерту. Шешім 25-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 10.06.2015 № 374-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

26. 01 1 120 001 015 "Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бағдарламасы бойынша жұмсалған 18 852 771 теңге 69 тиын кассалық шығындары 01 1 120 013 015 "Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына жылжытылсын.

**Ескерту. Шешім 26-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 358-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

27. 16 1 257 018 "Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару" бағдарламасының 714 "Бюджет кредиттерінің пайдаланылмаған сомаларын қайтару" ерекшелігі бойынша жұмсалған 315 теңге кассалық шығындары 14 1 257 016 "Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету" бағдарламасының 212 "Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері" ерекшелігіне жылжытылсын.

**Ескерту. Шешім 27-тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық**

мәслихатының 04.09.2015 № 386-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Сессия төрайымы	Ә. Бекқожиева
Мәслихат хатшысы	С. Лұқпанов

Облыстық мәслихаттың XXIX  
сессиясының 2014 жылғы 15  
желтоқсандағы  
№ 337-V шешіміне 1 қосымша

## 2015 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 16.11.2015 № 404-V шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		
Кіші сыныбы		
Атауы		
1	2 3 4	5
	I. Кірістер	140209726
1	Салықтық түсімдер	59112695
01	Табыс салығы	32321666
	2 Жеке табыс салығы	32321666
03	Әлеуметтік салық	20810971
	1 Әлеуметтік салық	20810971
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	5980058
	3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5980056
2	Салықтық емес түсімдер	1944570
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	183755
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	65396
	6 Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	583
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	117776
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	827807
	1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	827807
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	923593
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	923593
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3741
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3741
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3741
4	Трансферттердің түсімдері	79148720
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	55820633

	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	55820633
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан трансферттер	23328087
	1	Республикалық бюджеттен трансферттер	23328087

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық топ				
Әкімші				
Бағдарлама				
		Атауы		
1	23	4	5	6
			II. Шығындар	143794332
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2168907
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1723910
		110	Облыс мәслихатының аппараты	48841
			001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48841
		120	Облыс әкімінің аппараты	1552017
			001 Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	708070
			002 Ақпараттық жүйелер құру	601274
			004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	92443
			009 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	930
			013 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	50255
			113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	99045
		282	Облыстың тексеру комиссиясы	123052
			001 Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	113052
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10000
	2		Қаржылық қызмет	155348
		257	Облыстың қаржы басқармасы	118684
			001 Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74917
			009 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3431
			013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	650
			113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	39686
		718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	36664
			001 Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34137
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2527
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	94219
		258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	94219
			001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	94219
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	195430
		269	Облыстың дін істері басқармасы	195430
			001 Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101769
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260

		004 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	600
		005 Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	92801
02		Қорғаныс	345022
	1	Әскери мұқтаждар	128429
	120	Облыс әкімінің аппараты	128429
		010 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	41940
		011 Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	86489
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	216593
	120	Облыс әкімінің аппараты	1506
		012 Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	1506
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	215087
		002 Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	171315
		003 Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	3117
		004 Облыс ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	40655
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	5242484
	1	Құқық қорғау қызметі	5231744
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5224654
		001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3519445
		003 Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3210
		006 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1174969
		013 Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	32769
		014 Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	49051
		015 Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	27613
		024 Дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізу	14305
		032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	403292
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	7090
		003 Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	7090
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	10740
	120	Облыс әкімінің аппараты	10740
		015 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10740
04		Білім беру	10852367
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	2588126
	261	Облыстың білім басқармасы	2588126
		027 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2588126
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2410312
	261	Облыстың білім басқармасы	1724852
		003 Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	474487
		006 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	710537

	061	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	539828
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	685460
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	685460
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	2698054
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	159331
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	159331
	261	Облыстың білім басқармасы	2538723
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2538723
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	10527
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	9709
	007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	9709
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	818
	003	Кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	818
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	3145348
	261	Облыстың білім басқармасы	2232005
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80561
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	12438
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	35190
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	430836
	011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	54900
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	76466
	029	Әдістемелік жұмыс	157115
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	476506
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	907993
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	913343
	007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	750
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	912593
05		Денсаулық сақтау	18692069
2		Халықтың денсаулығын қорғау	402595
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	402595
	005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	265112
	006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	60632
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	76851
3		Мамандандырылған медициналық көмек	5798078
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5798078
		Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының	

	009	бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	2887676
	019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	317999
	020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	171317
	021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	180492
	022	Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ бүйрегін транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	352733
	026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	295937
	027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	781972
	036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	10726
	046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	799226
4		Емханалар	8976752
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8976752
	014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	772060
	038	Скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүргізу	145945
	039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	7938213
	045	Халықтың жекелеген санаттарын емдеудің амбулаториялық деңгейінде жеңілдікті жағдайда дәрілік заттармен қамтамасыз ету	120534
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	573951
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	573951
	011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	549558
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	24393
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2940693
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1549659
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71139
	008	Қазақстан Республикасына ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	155454
	013	Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу	54430
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	53735
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	33220
	030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	465
	033	Денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарының күрделі шығыстары	1181216
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1391034
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1391034
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1798488



1		Әлеуметтік қамсыздандыру	971236
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	746397
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	121557
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	321705
	014	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	92971
	015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда) психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	210164
